

## Жігірген ауыл округіне қарасты елді мекендердің көшелеріне атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігі Жігерген ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 2 маусымдағы N 11 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 3 шілдеде N 14-6-106 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабының 4-тармақшасына сәйкес және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШЕМІН:**

1. Жігірген ауыл округіне қарасты:

1) Жігерген ауылындағы атауы жоқ көшелерге Шыршықбаев Әбдірахман, Мырзабеков Тәжібай, Есжанов Ерген, Ұйымшыл атаулары;

2) Айнатас ауылындағы атауы жоқ көшелерге Дүйсенбеков Жылкелді, Айнатас, Т а т у л ы қ , Ж а с т а р а т а у л а р ы ;

3) Тесік төбе ауылындағы атауы жоқ көшелерге Шақпақ, Ташқұл болыс, Жамашев Қазыбай, Қанатбаев Акрам атаулары;

4) Қызыл бұлақ ауылындағы атауы жоқ көшелерге Мошқал баба, Ұя су атаулары б е р і л с і н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл округі әкімі*

*Б.Жүнісов*